

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 589 Қаулысы.

Казақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2011 жылғы 27 мамырдағы
№ 589 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "АгроОнеркәсптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 25, 257-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген АгроОнеркәсптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 желтоқсандағы № 220 Жарлығын іске асыру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 23 желтоқсандағы № 1247 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2006 ж., № 49, 518-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге берілетін акционерлік қоғамдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"5. "ҚазАгроОнім" акционерлік қоғамы".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.10.09 N 1280 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1185 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 33 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 27 мамырдағы

№ 589 қаулысына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 7 шілдедегі

№ 645 қаулысымен

бекітілген

АгроОнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы АгроОнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және агроОнеркәсіптік кешенді:

- 1) "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы;
- 2) "ҚазАгроКаржы" акционерлік қоғамы;
- 3) "Аграрлық несие корпорациясы" акционерлік қоғамы;
- 4) "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" акционерлік қоғамы;
- 5) "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамы;
- 6) "Қазагромаркетинг" акционерлік қоғамы;
- 7) "ҚазАгроКепіл" акционерлік қоғамы;
- 8) "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамы" сияқты мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау тәртібін айқындайды.

2. АгроОнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі агроОнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес мынадай тәртіппен жүзеге асырады:

- 1) агроОнеркәсіптік кешенді қолдауға республикалық бюджет қаражатынан бөлінетін ресурстарға қажеттілікті анықтайды;

2) бюджеттік өтінімді жасайды және республикалық бюджеттен бөлінетін қаражатты алады;

3) республикалық бюджеттен бөлінетін қаражат есебінен "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Холдинг) және "ҚазАгроИнновация" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - "ҚазАгроИнновация" АҚ) жарғылық капиталын төлейді, оларға бюджеттік кредиттер ұсынуды үйимдастырады, мамандандырылған ұйымдардан мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады;

4) Холдингті және "ҚазАгроИнновация" АҚ-ны корпоративтік басқаруды жүзеге асырады.

3. Агроенеркәсіптік кешенді қолдау жөніндегі іс-шараларды Холдингтің құрамына кіретін мамандандырылған ұйымдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроенеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қантардағы № 52 қаулысымен бекітілген "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының 2011 - 2020 жылдарға арналған даму стратегиясына және Қазақстан Республикасының өзге де стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес іске асырады.

4. "ҚазАгроИнновация" АҚ қатысуымен агроенеркәсіптік кешенді қолдау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қазандағы № 1052 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында агроенеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2010 - 2014 жылдарға арналған бағдарламаға, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 1291 қаулысымен бекітілген Елдің 2020 жылға дейінгі ғылыми-технологиялық дамуының салааралық жоспарына, Қазақстан Республикасының өзге де стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына сәйкес іске асырылады және аграрлық саладағы Қазақстан экономикасының жеделдетілген ғылыми-технологиялық дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

5. Мамандандырылған ұйымдардың агроенеркәсіптік кешенді қолдау жөніндегі іс-шараларға қатысуы олардың органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Мамандандырылған ұйымдар бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімді, нәтижелі және маңатты жұмсалуын қамтамасыз етеді.